



Автор: Дынбаева Салтанат Ивановна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Уақыт түсінігін зерттеу

Тақырып: Апта күндері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.3.5 Уақыт аралықтары туралы (минут, сағат, апта, ай) түсінігі болу, уақыттың өлшем бірліктерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Апта күндерін атайды; Көптеген оқушылар : Апта күндерін ажыратады және уақыттың өлшем бірлігін қолданады; Кейбір оқушылар : Апта, ай уақыт өлшем бірлігін қолданып, күнтізбелік жоспар жасайды;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар игереді: Оқушылар орындай алады: Апта-неделя Дүйсенбі-понедельник -Monday Сейсенбі-вторник -Tuesday Сәрсенбі-среда-Wednesday Бейсенбі-четверг-Thursday Жұма -пятница-Friday Сенбі -суббота-saturday Жексенбі-воскресенье-sunday Пәндік лексика және терминология: бүгін, ертең, кеше. Диалог/жазу үшін қажетті сөздер: Талқылау: Денешынықтыру сабағы қашан екенін айт Қай күні сен үйірге барасың? Жазу: Апта күндерін рет-ретімен жаз.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	сағат түрлері, презентация
Пәнаралық байланыс:	сауат ашу, дүниетану
Бастапқы білім:	Тәулік уақыты, апта күндерін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5-7)	Қайырлы күн достым, Қайырлы күн болсын. Бүгінгі бағамыз, Кілең бестік болсын. Балалар біздің бүгінгі сабағымыздың басты құндылығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша шаттық шеңберіне тұрып, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастуларыңа алғашқы қадам тілей отырып, топқа бірігейік. I «Тәулік» тобы II «Апта» тобы III «Ай» тобы I. Алдыңғы оқуды пысықтау. «Ақыл тасы » әдісі — Сағат не үшін қажет? — Сағаттың қандай пайдасы бар? — 1 сағатта не істеуге болады? — 1 сағатта неше минут бар? — 1 сағаттың жартысы неше минутқа тең? Дескриптор: Уақытты анықтайды; -Минут, сағат уақыт өлшем бірлігін ажыратады;	
--------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (20-25)	«Ой қозғау» стратегиясы. «Апта күндері» Апта-7 күннен тұратын уақыт аралығы. Балалар бір аптада жеті күн болады. Апта деген парсының «жеті» деген сөзінен шыққан. Қазақ халқы үшін 7 қасиетті сан:Ұлы даланың 7қыры бар. 7 күн апта ,7 шелпек , 7 қазына,7 ата,7 дәм наурыз көже, 7 тәулік. Ең киелі, қасиетті заттарын жеті санының маңына топтастырып отырған. «Суреттер сөйлейді» әдісі Дүйсенбі,сейсенбі,сәрсенбі,бейсенбі,жұма,сенбі,жексенбі Апта-неделя Дүйсенбі-понедельник –Monday Сейсенбі-вторник-Tuesday Сәрсенбі-среда-Wednesday Бейсенбі-четверг-Thursday Жұма-пятница-Friday Сенбі-суббота-saturday Жексенбі-воскресенье-Sunday Дескриптор: Апта күндерінің, атын атайды; Апта күндерін үш тілде айтады; Оқылым. Оқулықпен жұмыс Жаңаны қолдану «Бәйге» әдісі топтық жарыс. Сабақ кестесімен жұмыс 1. Аптада неше күн бар? 2. Сабақ кестесіне қара. Аптаның қай күндерінде дене шынықтыру сабағы өтеді? 3. Жұманың алдында аптаның қай күні? 4. Осы сәрсенбіден келесі сәрсенбіге дейін неше күн өтеді? 5. Сейсенбіден кейін неше күн өткенде сенбі болады? 6. аптада неше күн бар? 7.Аптаның қай күндері сабаққа келеміз? 8.Бүгін аптаның қай күні? 9.Бүгін қандай пәндер болады? 10.Кеше қай күн болды? 11.Ертең аптаның қай күні? 12.Ертең неше сабақ? Дескриптор: Оқушылар сабақ кестесін жатқа айтады; Топтық жұмыс Оқулықтағы тапсырманы , Отбасылық демалыс, Шығарып көр, Орындап көр, Ертегілер оқу тапсырмалары. Та I «Тәулік» тобы Отбасылық демалыс. Әкесі, анасы және балалары 2 апта теңіз шипажайында болды. Отбасы неше күн демалды? Шешуі: 14 күн. II «Апта» тобы Шығарып көр. Нұргүл дүйсенбі күні вокал үйірмесіне барды. 2 күннен кейін домбыра үйірмесіне барады. Домбыра үйірмесіне аптаның қай күнінде барады? Шешуі: Бейсенбі III «Ай» тобы Ертегілер оқу Жанат ертегілер кітабын тура 1 апта оқыды. Ол ертегілерді неше күн оқыды? Шешуі: 7 күн Дескриптор: Білім алушы Уақыттың өлшем бірліктерін анықтайды ; Апта күндерін ажыратады; Жазылым. Дәптермен жұмыс: Дәптерде берілген тапсырмаларды орындау. Мозаика құрастыру. Мозайканы әрі қарай құрастыр. Мозайка пазлдарына апта күндерін ретімен жаз. Содан кейін бір аптаның пазлдарын бір түспен, келесі аптанікін басқа түспен боя. Мозайка құрастыр Дескриптор: Мозайка құрастырады; Апта күндерін ретімен жазады ҚБ «Жұлдызшалар» Сергіту сәті. сағаттар Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану Тапсырма Циферблатта көрсетілген уақытты анықта. Циферблат бойынша уақыт аралықтарын есептеп, жаз. 	
------------------------------------	---	--

Сабақтың соңы (5-6)	«Кезбе тілші» әдісі -Жеті күнді атап бер? 7күн неше аптаға тең? 1 айда неше апта бар? Дескриптор: Уақытты анықтай алады. -Апта, ай уақыт өлшем бірліктерін ажыратады ; Жетекші сұрақтарға жауап береді;	
Рефлексия (5)	«Күлегештер»	